БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «БӨКЕЙ ОРДАСЫ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «БОКЕЙОРДИНСКАЯ РАЙОННАЯ БОЛЬНИЦА» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АКИМАТА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
09.04.2026 жыл № 01-3/121 н/к
Сайқын ауылы

ПРИКАЗ
_____ № _____
поселок Сайхин

Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілмен тауарларды сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506-509 тармағы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

-28) егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін біртекті тауарларды сатып алу - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшері;

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:

-506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

-507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

-508. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

3. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өнім берушімен шартты ресімдеу үшін мемлекеттік сатып алуға жөніндегі жауапты маман А.И.Керешеваға міндеттелінсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Бөкей ордасы аудандық ауруханасы»
ШЖҚ МКК директорының у.м.а.: **М.А.Нүркенова**

БҰЙРЫҚТАР ҮШІН